



Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы - Нұра ЖББМ

Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 29-30.қыркүйек, 1 - 3 қазан 2025-2026 оқу жылы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие «Тәуелсіздік және Отаншылдық» айы

Апта дәйексөздері- «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөзбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»


Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.09	Сейсенбі 30.09	Сәрсенбі 01.10	Бейсенбі 02.10	Жұма 03.10
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Өнерелі 15 минут-ата-анаға бала денсаулығы, мінез-құлық туралы кеңес беру Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Менің Қазақстаным» Гимн орындау Мақсаты: рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.			
Ертеңгілік жаттығу жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 3				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Адалдақ әліппесі «Ата-аналарға қамқорлық жасау» Ойын мақсаты: елге зектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке карама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды: - анан ауырып қалды;	Адалдақ әліппесі «Кім жауапкершілік танытты» Ойынның мақсаты: жауапкершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта тәрбиешіге карама-қарсы тұрады. 16 Тәрбиеші балаларға кезек-кезек доп лақтырып, мына жағдайда адам жауапкершілік танытты ма деп сұрайды: - әкесі баласымен бірге циркке баратыны туралы уәдесін ұмытып,	Адалдақ әліппесі «Қамқорлық гүлі» Ойынның мақсаты: мейірімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес		

	<p>- анан жұмыстан шаршап келді; - ананның көңіл-күйі жоқ; - ананың шаруасы көп; - әкесінің жұмысында қолайсыздықтар болды. Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады.</p>	<p>достарымен балық аулауға кетті; - анасы шаршағанына қарамастан қызына қуыршақ театрына ойыншық тігуге көмектесті; - ағасы серуендеуге кетіп, кішкентай қарындасын жалғыз қалдырды; - балалар саяжайға кетіп, мысыққа тамақ қалдыруды ұмытып кетті; - күн сайын қыз бала бөлмедегі өсімдіктерді суару үшін ерте тұрады; - теңізге барар адында әкесі ұлына жүзуді үйретті. Егер допты ұстап алған ойыншының пікірімен балалардың көпшілігі келіссе, ол алға бір қадам жасайды. Егер қалған қатысушылар оның пікірімен келіспесе, ойыншы орнында қалады және балаларға бұл мәселені талқылау ұсынылады</p>	<p>жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады. Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады.</p>		
<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p>І - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>				
	<p>Сауат ашу негіздері Біз нені үйрендік, нені білдік? Міндеті: Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды. Түсінеді: сөздің дыбыстардан тұратынын Қолданады: сөз ішінен берілген дыбыстарды табады, ажыратады Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: №1 жұмыс дәптері, мазмұны суреттер. 1-тапсырма. «Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалық жаттығуы. Дұрыс жауапқа фишка беріледі. Педагог балаларға «е» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді. – Етік, ешкі, елгезек. – Емізік, ел, есік, есеп, елек. ешпіден, Елжас, Ернар, Елдана.</p>	<p>Математика негіздері Мен 5-ке дейін санаймын Міндеті: 1-ден 5-ке дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету Күтілетін нәтижелер: менгереді: 5 санды мен цифрын; түсінеді: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіруге керектігін; қолданады: көрсетілген заттар санының таңбаларын табуды, логикалық ойлауды. Құрал-жабдықтар мен материалдар: №1 жұмыс дәптері, санау материалы, үлестірмелі материалдар (№1, №4, №5, №6, №8 парақтар).</p>	<p>Сауат ашу негіздері Дауыссыз дыбыстар Міндеті: – Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады. Түсінеді: дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын. Қолданады: дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Дауыссыз дыбыстарды айтқанда қосымша келергіге ұшырамаған ауа ауыз</p>	<p>Сауат ашу негіздері Дауыссыз дыбыстар Міндеті: – Дауыссыздарды қайталану арқылы естерінде сақтату. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады. Түсінеді: дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын. Қолданады: дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны – Балалар, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Педагог балаларға көмек ретінде</p>	<p>Математика негіздері 6 саны және цифры Міндеті: 1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету Педагог мынадай жағдайды ұсынады: жабық қораптан, бұл гараж – бір көлік шықты (шығарады), содан кейін – екінші, үшінші ... бесінші. – Балалар педагогпен бірге санайды. – Қанша көлік шықты? (Бес). Тағы бір мәшинені шығарады. – Барлығы қанша мәшине шықты? (Алты). Бұл 5 және тағы 1). Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Жолдағы түрлі түсті көліктердің саны қанша болса, пирамиданың соңына сәйкесінше боя. Көліктердің саны 6 болуы үшін тағы бір көлікті бастырып сызы және боя. Тағы бір доптелек пен пирамиданың сәйкесінше</p>

<p>Ернур. Педатог балаларга «ы» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма берсең: – Ылас, мыс, ымырт, Ыбырай, ытпал, ыкмылак, мырм т.б. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды. 2-тапсырма. «Дыбыстар тізбегі» дидактикалық ойыны – Балалар, мен сендерге допты дақтырып, бір сөз айтамын. Сендер сол сөз кай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтып, допты келесі балаға дақтырасыңдар. Мысалы: ана арман-нар-рақат-тағам-маңдарин-нан-пәтже-ел-ежер-ғаммазан-нәзік т.б.).</p>	<p>Педатог ақ парик бетіне өз алақанын жиектеп сызып, ар сау сәлжа бет бейне сәулды ұсынады. Сурет салынан сон сауежктарды санауға болады. Бірінші сауежк – ата. Екінші сауежк – әже, Үшінші сауежк – әке, Төртінші сауежк – апа, бесінші сауежк – бұл мені! Таныстық отбасыммен! Педатог 1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды сұрайды. Суретте қандай және қанша зат бейнеленгенін сана. Сонша нүкте сал. Нүктелерді сәйкес цифрмен сызып көс. Жолды өту кезінде, жол жүру ережесін сақтау керектігі туралы алуғме жүргізілі. Суретте не бейнеленген? Әртүрлі заттардың арқайсысын санақым. Педатог дәптер ұяшықтарына сонша нүкте салуды және карточкаларды цифрлардың суретімен сызып көсуді сұрайды...</p>	<p>Құмына күші қыркымен келеді. Ауыз тар ашылаңдықтай, көмей арқалы келген қарында ауа әртүрлі әртүрлі әртүрлік мүшегермен соқтығысады. «Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны – Б дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар. – Ыақ, бақыт, бад, би, Берік, бор, балық, бас, батыр, былғамық ботқа. – Г дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. – Гүл, гитара, гүлбар, гүлгүк, гәз, гәсел, гауһар, гәсет. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды. «Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге сөздер айтамын, дауысты дыбыстан басталатын сөзді естісеңдер, сол дыбысты менің артымнан қайталайсыңдар. – Парта, алма, орман, балық, ватон, үстел, сабыз, ысқырық, тарақ, доп, жаңау, арқап, от, шапша, ірімшік, таға, добыра, Гүл, алмұрт, бәтешке.</p>	<p>тақтаға дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лақ, мысық, нан, радло, уық, ащ, үй. Мысалы: «л» – Лаззат, лақ, лаула, люк, дақтыр, лағил, Лайла; «к» – мақта, малта, маймыл, мағалай; «н» – нар, Нарман, Нартай, Назгул, наз, нақышына келтір; «р» – рауғаш, Рауш, Раушан, риза, «у» – уылаңдық, уақ. «Дыбыс бер» дидактикалық ойыны – Мен сендерге сөздер айтамын, сол сөздердің басында дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді естісеңдер, менің сонымнан сол дыбысты қайталайсыңдар. – Үй, арман, тарық, жаңғақ, нан, доп, тор, ми, сый, тый, ащ, он, шаш, тас, ата, әже, тәте, пысық, тылқан, ат т.б. «Сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөз көз» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауды керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әлемі ... (раушан) т.б.</p>	<p>боя. Көлік тақырыбына суреттен жұмыс жалғауырылады. – Суретте қанша боялған машина бар? (Бес) Қанша машинені бояу керек? (бір). Барлығы қанша боялған машина болады? (Алты. Бұл – 5 және тағы 1.) Бұл іс-әрекетінде пирамида және дөңгелектермен бірқатар тапсырмалар басталады. Пирамида 10 сәкиналдан тұрады. Балалар қанша сәнді үйренсе, сонша дөңгелекті бояйды. Дөңгелекпен жұмыс келесідей жүргізіледі. Педатог: Қанша дөңгелек боялған? (5). 6 болу үшін тағы қанша бояу керек? (бір). 2-тапсырма. Қарындашты жолдан үстінен «жүргіз». Педатог 6 цифрды бар карточканы көрсетеді</p>
---	---	--	---	---



Көрініс Экономикалық есеп:

Бірде Қайраттың анасы үйге ренжіп келіп, «Біз электр энергиясын көп жұмсаймыз. Сондықтан, шығынымыз өсіп жатыр. Не істейміз?»,- деді. Әкем: «үнемдейміз. Бөлмеден шығарда жарықты сөндіріп жүруден бастаймыз. Ал саған Қайрат арнайы өтініш: теледидарды қызықты және пайдалы бағдарламалар болған кезде ғана көр. Оны көрші бөлмеде ұйықтап жатқанда қосып қоюдың қажеті жоқ!»,- деді. Бір айдан соң, кезекті төлем жасалғанда, Қайраттың анасы электр энергиясының көрсеткіші азайғанын хабарлады





	<p>Сөйлеуді дамыту Күз бояуы</p> <p>Міндеті: – Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: өлең жолындағы сөзді педагогпен бірге және өздері жіктейді;</p> <p>Түсінеді: күзде жемістер мен коғоністер мол болып, дәруменге бай болатынын;</p> <p>Қолданады: өлеңді мазмұнын түсініп, жаттап алады. Бүгін сендер Қ.Баянбаевтің «Күз бояуы» өлеңімен танысып, жаттап аласыңдар. Өлеңті педагог бірінші мәнерлеп оқып береді.</p> <p>Күз бояуы Самал қозғалп қалғанда, Үзіледі сары алма, Шолып едім бақшаны, Қауып біткен сап-сары, Көрінеді шап-айдан, Бел-белестер сарғайған, Сары жапырақ төгілген Тотайды да көрдім мен, Таза жездей жинаған.</p>	<p>Қазақ тілі Әке мен балалары</p> <p>Міндеті: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: Суретке қарап әңгіме құрастырды; Түсінеді: Қыз баланың әрекетін қыздар бөлек екі-үш және оған да көп сөздермен бейнелейді; Қолданады: Әкесінің</p>	<p>Математика негіздері Неше? Санау</p> <p>Міндеті: 6 саны және цифрмен таныстыру. 1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге және 1-ден 6-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету.</p> <p>6 цифрмен танысу. 6 цифрды 6 санының таңбасы ретінде белгілейміз. Цифрды көрсету. Педагог 6 цифр туралы өлең оқиды. Бір, екі, үш, Жинап алдық күш. Төрт, бес, алты. Біз жазамыз мықты. Дәптерімізді ашайық. Көрсетілген үлгіге, Әдемі етіп жазайық. Дәптермен жұмыс. 1-ғапсырма. Суретте неше бала және қандай заттар бейнеленгенін сана. Сонша нүкте сал. Цифрмен сызып қос. – Суретте не бейнеленген? Педагог балалардың назарын 5 доптың қызыл, ал біреуінің түсі басқа екендігіне назар аударады. Барлығы қанша</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру Оттың пайдасы мен зияны</p> <p>Міндеті: Оттың пайдасы мен зияны туралы білімдерін кеңейту; Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: Оттың пайдасы мен зияны туралы білімдерін кеңейтеді</p> <p>Түсінеді: Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережесімен танысады</p> <p>Қолданады: Өз іс-әрекетін қорытындылау, шешім шығару, логикалық пікір айту</p> <p>Педагог жұмбақ жасырады: Шашты ашуың басыңды, қызыл тілі жалаңдап. (Өрт) Оттың пайдасы мен зияны, өрттен қалай қорғану керектігімен, өрт сөндірушілердің еңбегімен танысамыз.</p> <p>Оттың пайдасы: • Жылуды сақтауға көмектеседі. • Тағам дайындаймыз. • Зауыттарда оттың көмегімен металлды, шыныны балқытады. • От – символ, мәңгілік алау арқылы ардагерлерді еске аламыз. • Олимпиада алауын спортшылар</p>	<p>Көркем әдебиет Менің ойыншықтарым</p> <p>Міндеті: Өлең жаттауда логикалық екпінді қолдануға баулу. Сөздік қорын байыту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: Өлең жаттауда логикалық екпінді қолдануды</p> <p>Түсінеді: Сөздік қорын байыты</p> <p>Қолданады: Ойыншықтарды күтіп ұстау</p> <p>-Балалар, балабақшада, үйде немен ойнайсыңдар? – Тобымызда қандай ойыншықтар бар? Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?» (баланың ойлау қабілетін дамыту). Шарты: қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады. Слайд арқылы ойыншық түрлері көрсетіледі. Балалар ойыншықтарды ажыратып, атын</p>
--	---	---	---	--	--

	<p>Сары бояу айналам. Балалар, өлеңде не жайлы айтылған? Олең жолында самал қозғап қалғанда, не үзіледі? – дейді. Иә, ақын тоғайды, жапырақтарды сары қылып жинап қойған жезге тенең айтқан</p>	<p>әрекетін бейнелеуді және Ә дыбысының орнын ажырат Суретке мұқият қарап сөйлейтін боламыз. Мысалға мен қызға Айша деп есім қоямын. Айша жіппен секіріп ойнады(4 сөз. 1,2,3,4 сөздерден сөйлем құрастыруын сұрайды). Әкесі мен балалар болып рөлдерді сомдайды; Алмат: Әке сізбен бірге доп ойнауға бола ма? Әкесі: Әрине болады. Тек спорттық киімді киіп кел. Алмат: Әке, сізге рақмет. Алмағ үйіне жүгіріп кетті. Көрініп тұрған суреттен балалар сөйлем құрайды.</p>	<p>доп? (Алты). Әрі қарай, балалар суреттегі заттардың санын санайды және атайды. Педагог ұяшықтарға сонша нүктелер салып, цифрмен сызып қосуын сұрайды. 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса.</p>	<p>алып жүгіреді. Оттың зияны: • Абайсыз әрекет өртке әкеледі. • Өрттен адамдар көп зардап шегеді. • Отты дұрыстап өшірмесең, ормандағы ағаштар өртеніп кетеді. • Аңдар, құстар зиян шегеді. Ингербелсенді тактадан «От – дос, от – жау» слайдтарын қарау. Қандай өрт қауіпсіздігі ережелерін білеміз? Өрттің алдын алу үшін: 1. Ешқаппан сіріңкемен және оттықпен ойнамауға болмайды. 2. Газ плитасын немесе пешті өз бетімен жағуға болмайды. 3. Токқа қосулы үтікті немесе шәйнекті қараусыз қалдырмау керек. 4. Орманда от жағуға болмайды. 5. Бензинмен немесе тез тұтануы мүмкін басқа сұйықтықтармен ойнама.</p>	<p>атайды. Үлкен, кішілігін салыстырады. – Бүгін біз ойыншық туралы әңгімелесеміз. Ол үшін ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарым» өлеңін тыңдап көріңдер. Сөздік жұмысы: құлын – жылқының жас төлі құлыншақ – кішкентай құлын ұрыншақ – бір жерін жарақаттап алу Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең ұнады ма? Авторы кім? – Өлеңде қандай ойыншықтар туралы сөз болады? – Сенде қандай ойыншықтар бар? – Саған қандай ойыншық ұнайды? – Мынау – құлыншақ. Ол жылқының төлі. Құлынды еркелетіп, құлыншақ деп атаған. Құлыншақтың түсі қандай? – Сен құлыншақты қайдан көрдің? Құлыншақты сипаттап бер. «Белсенді суреттер» ойыны Балаға бір ойыншықтың суреті көрсетіледі. Ол суреттегі ойыншықты ым-ишара, пантомима әдісімен бейнелейді. Қалған балалар жасырынған бейнені табады</p>
<p>Үлкен үзіліс: «Күй құмбірі» Көңіл күй Назар Смағұл Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,</p>					



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру Отбасындағы мерекелер мен дәстүрлер Міндеті: - Отбасылық мерекелер, отбасылық дәстүрлер туралы білімдерін кеңейту Күтілетін нәтиже: Жасайды: Отбасылық мерекелер, отбасылық дәстүрлер туралы білімдерін кеңейтеді Түсінеді: Отбасылық дәстүрлердің маңыздылығын түсінеді Қолданады: Отбасылық дәстүрлерді қастерлеуді қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: интербелсенді тақта, үлестірмелі материал, ыдыс-аяқтар, құрастырмалар, жұмыс дәптері, қарындаштар. Педагог балаларды ортаға жинау үшін қоңырау соғады. Балалар иенберге тұрып, қол ұстасады. «Менің отбасым» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Балалар, әр отбасының айырмашылығын мен ұқсастығын атаңдар. – Барлық отбасында ең жақын туыстар туралы. Барлық отбасы үй-</p>	<p>Көркем әдебиет Бір аптада Міндеті: Ойын өлеңді жаттауға дағдыландыру. Есте сақтау қабілетін жетілдіру. Жағымды мінез-құлық қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: Ойын өлеңді жаттауға дағдыланды Түсінеді: Есте сақтау қабілетін жетіледі Қолданады: Жағымды мінез-құлық қалыптастыты «Ыстық лебі» әлісі Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады. – Бір аптада неше күн бар? Балабақшаға неше күн келесің? Неше күн демаламыз? – Бүгін ақын Әлібай Табылдының «Бір аптада» деген санамақ өлеңімен танысамыз Сөздік жұмысы: қыратта – ауылдың сыртында клуб – кино, мультфильм көретін орын Олең мазмұны</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Менің атам Міндеті: адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: саусақты бұғу арқылы, өлең жолдарындағы отбасы мүшелерін санайды, берілген тақырыпқа әңгіме құрайды; Түсінеді: сәлем беруді, амандасуды; Қолданады: отбасы мүшелерін буынға бөледі Дидактикалық ойын: «Отбасы мүшелерін ата» Ойын шарты: жұмыс дәптеріңдегі тапсырма орындалады. Суреттегі отбасы мүшелерінің атап, шаналақ ұру арқылы буынға бөледі. Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады</p>	<p>Музыка Күзгі серуен Міндеті: - Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау. ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады. Түсінеді: регистр деген не екенін. Қолданады: ырғақты, мәнерлі кимылдарды орындайды Музыка тыңдау: «Саржайлау» (Тәттімбет) Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Жеңіл би» (Г. Ломова) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қулабаев)</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, күр астыру) Қоржынды сәңдейміз Міндеті: - Казак оюларының көптірлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру – аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дәп және т.б.) безендіру - Казак халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру Күтілетін нәтижелер:</p>
--	---	---	---	---	--

	<p>жайларда тұрады. Барлық отбасы мүшелерінің тегі, аты-жөні бар. – Барлық отбасы мүшелері бірі-біріне қамқор болады. – Әр отбасы мүшелерінің саны әртүрлі болады. Әр отбасының өз тегі, аты-жөні болады. Барлық отбасы ұлтына, салт-дәстүрлері, тұрып жатқан еліне қарай бөлінеді. Әр отбасының өзіндік дәстүрі бар. – «Отбасылық дәстүрлер, отбасылық мерекелер» дегенді қалай түсінесіңдер? Отбасы мүшелері бірігіп орындайтын шаруашылық жұмыстар, отбасылық демалыстар, отбасылық мерекелер «отбасылық дәстүрлер» деп аталады. Оларды бүкіл отбасы аналарымен, әкелерімен, әпкелерімен, ата-әжелерімен бірге тойлайтындықтан, оларды әдетте отбасылық дәстүрлер деп атайды. Отбасылық дәстүрлер – отбасында қабылданған, отбасында сақталатын мінез-құлық ережелері. Мысалы, отбасында қонақты қарсы алу дәстүрі бар</p>	<p>бойынша сұрақ-жауап: – Санамас қалай аталады? Саған ұналы ма? – Апта күндерін атайық. Аптаның әр күнінде немен айналысамыз? – Демалыс күндерін қалай өткізесің? Жұмбақты шеш. Бір ұяда жеті жұмыртқа. (Апта күндері)</p>			<p>жасайды: қоржынды салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктерімен таныса отырып, өзі жасайды; түсінеді: қоржын туралы түсініктері мен білімдері кеңейеді, қоржынның түрлері көп болатындығын және оларды белгілі бір жағдаяттарға сәйкес қолданатынын; қолданады: әшекейлеу ретін сақтай отырып, жұмысты орындау барысында ұқыптылық пен жинақылықты үнемі сақтап, қолданады.</p> <p>Топтық жұмыс</p>
<p>Қауіпсіздік сабағы : «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР» Мақсаты: балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жағатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету.</p>					
	<p>Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру. Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме: Дәрі-дәрмектер. Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру. Дәрілерді ешқашан оздигінен алмау және тиітсіз олар қолдануға ұқсас дәлелін көрмеу. Тұрмыстық химия: Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау. Газ баллондары. Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындарда қалдырмау. Сюжеттік-рольдік ойындар. Балаларды топтарға бөліп, қырыштар немесе ойыншықтар тарту. Жағдайларды сахналау. Бала дәрігерді, тұрмыстық</p>	<p>Пайдалы сілтемелер: https://youtu.be/topFwzQFQIE?si=3xviXpAbNDeb8zRp https://orken-instituty.kz/ru/telefon-y-gorvachih-linij</p>			

химияны немесе газ баллонын тауып алады. Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене тәрбиесі
Зейінді боламыз
Міндеті: -Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру: скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: бөрене үстінде еңбектеп жүруді, бір-біріне допты лақтырып, оны екі қолмен қағып алады.
Түсінеді: модульдер үстімен (із салынған парактар, аркан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін.
Қолданады: бөрене үстінде еңбектеу; 2,5 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын), доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүтін, қағып алу шеберліктерін Тепе-теңдік сақтау – беті сүрілген бөрененің үстімен он-сол жанына қарай қырындап (сүйем қадам жасап) жүріп өту. (4 рет)
Жүрген кезде қолдарын түрлі сәйкес тәсілдермен ұстау ұсынылады.
Жерден көтерілген бөрененің үстімен жүріп өтуде

Музыка
Біздің аспаптар
Міндеті: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады.
Түсінеді: регистр деген не екенін.
Қолданады: ырақты, мәнерлі қимылдарды орындайды
Ән айту:
«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)
«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:
«Марш» (В. Дешевов)
Билер: «Шабандоздар бий» (үлгісіз)
«Жұптау бий» (чех х. әуені)
Музыкалық аспапқа ойнау:
«Еркем-ай» қазақтың халық әні (оңдеген Б. Дәлденбай)

Дене тәрбиесі
Ақылдылар
Міндеті: допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды, 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, тұзу бағытта еңбектеп жүруді.
Түсінеді: спорттың пайдасын; ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын қалай дамыту керектігін; салауатты өмір сүру үшін не істеу қажеттігін.
Қолданады: допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алу, жоғарыға лақтырған допты саусақтарды ашып, допты қағып алу машықтарын
Допты қолдидер арасынан жүргізу
Қимыл-қозғалыс ойыны:
«Мысық пен торғайлар» (4 рет), «Торғайлар» орындақта, гимнастикалық қабырғаның тепкісінде

Қазақ тілі
Ата-әже мерекесі
Міндеті: – Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: Балалардың сөйлей білуі, тыңдай білу қабілеттерін дамытамын.
Түсінеді: Балалар сюжеттік суретке қойыл аударып
Қолданады: Екі балаға есім қойып, олардың қай жақтан, кімдерге келгендерін әңгімелейді
Тақтаға немесе плакатта осы жердегі суретті көрсетіп, балалардан кімдерді және қандай әрекеттерде тұрғанын сұрайды.
Мысалға: Ата-әже мен балалар болып рөлдерді сомдайды;
Атасы: Айналайын боталарым, таңертең келу керек едіңдер. Түс

Дене тәрбиесі
Бізбен бірге және бізден артық орында
Міндеті: допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды, 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, тұзу бағытта еңбектеп жүруді.
Түсінеді: спорттың пайдасын; ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын қалай дамыту керектігін; салауатты өмір сүру үшін не істеу қажеттігін.
Қолданады: допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алу, жоғарыға лақтырған допты саусақтарды ашып, допты қағып алу машықтарын
Бір тізбекке сап түзіп тұрып, текшелерді қойып, қолдарына доп алады.
Екі тізбек немесе екі санқа тұрып, бастапқы қалып бойынша тұрады. Лақтыру бағытын сактайды және допты алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің белгісі бойынша I- санғағылары

	динамикалык тепе-теңдик сактау – денени түзү ұстау, енкеймей басын жогары ұстап, алга карап, аякты алдымен басын басып, сосын толық табанына басу керектігіне басты назар аудару керек		отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым-ишарамен көрсетіп отырады. Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Ұсталғандар ойыннан шығады	ауғанда келдіңдер ғой? Алматы: Ата, қайырлы күн. Санжар жолда ойнап жүріп алды. Сондықтан кеш келдік. Әжесі: Санжар құлыным, аман есен жетсеңдер болды. Келші маңдайыңнан бір искейіп. Санжар: Ата, әже сәлеметсіздер ме? Кешіріңіздер, мен енді олай жасамаймын. Атасы: Кешіккендеріне бола ренжісіп қалдыңдар ма? Әжесі: Елдене татуласыңдар, кешке екеуін бірге ойнаңдар. Санжар: Алматы, мені кешіріші, маған ренжімеші не, енді сені тыңдайтын боламын	залдың оң не сол жағымен доптың артынан жүгіреді. 2-саптағылардың артына келіп тұрады. Допты себетке салады. Белгіленген сызық бойына екі тізбекке сап түзеп тұрады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқырға қақпан» (4 рет). Шенберде қол ұстасып тұрады. Бұл – ашылардың қақпанын құруы. Белгі бойынша «аншылар» қолдарын көтереді. «қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді. «Аншылар»:
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ				
Серуен	Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: Жай жаңбыр, өткініш жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түттерін қосыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қалағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбелен. Көк теңізден қуяндай Көл-көсір су не деген? (Жанбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түрлі және олардың түрлерін: шарпы, будак, қабатты бұлиларды ажырату. Еңбек: Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшып бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын	Бақылау: Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. Мақсаты: Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиын а соғатындығын түсіндіру. Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға, ауаушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан, Сөзді мекен күзді олар. Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру: салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: « Одемі гүлдер » Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Тактак. « Жел » Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-ту-ту. Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: « Айғолек-ау, айғолек ». Мақсаты: Қандай жағдайда әр	Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін, уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін қорық сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түттерін қосыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгіме мөлесеу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралынан одан әрі дамыту және сөздік қоры

	<p>Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек».</p> <p>Мақсаты: Балаларды еттілікке, шашшылдыққа баулу.</p> <p>Еркін ойындар: балалардың қалғұы бойынша</p>	<p>қалапалау Ойлау қабілетін арттыру.</p> <p>Ойын: « Кімге қалай құрал керек? »</p> <p>Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шашшылдыққа баулу.</p> <p>Дербес ойындар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әткішектебу. 2. Тарғылышқа тартылу. <p>Тренинг: « Біз тату боламыз ».</p> <p>Еркін ойындар: (Экология мәдениеті) балалардың қалғұы бойынша</p>	<p>грамматикасы дұрыс сияқтау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: « Күзге не киеміз? »</p> <p>Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киіміне үлгісін көрсете түсіндіру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сабалшықтан « қала » құрастырайық. 2. « Тәтті тоқаштар » пісірейік. <p>Тренинг: « Тырналар болып ұшайық ».</p> <p>(Экология мәдениеті) Еркін ойындар: балалардың қалғұы бойынша</p>	<p>нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шашшылдыққа баулу.</p> <p>Дербес ойындар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. « Желмен жарысайық » 2. « Менің әлемі үйім » (құрастыру) <p>Тренинг: « Қолшатыр астында (Экология мәдениеті) Еркін ойындар: балалардың қалғұы бойынша</p>	<p>молайту.</p> <p>Кимділік ойын: « Ақ қояным »</p> <p>Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасау арқылы денелерін ширату, қондырғын көтеру.</p> <p>Дербес ойындар:</p> <p>« Тәтті тоқаштар » пісірейік</p> <p>« Мені құш жет ».</p> <p>Тренинг: « Шанырақ » (Кәуіпсіздік сабағы)</p> <p>Еркін ойындар: балалардың қалғұы бойынша</p>
<p>Серуеннен оралғұ</p> <p>Балалармен жесе жұмыс</p>	<p>Кімдерің ретімен шешу.</p> <p>Жеке баламен жұмыс</p> <p>Алтай Айгөре Қайратқылы</p> <p>Сөздерді дыбыстарды ажыратуға, белгілі дыбысы бар сөздерді табуға, сөздігі дыбыстың орнын анықтауға үйрету.</p>	<p>Жеке баламен жұмыс</p> <p>Болашақ Уағғат</p> <p>Мұхамеджанұлы</p> <p>Табиятқа зиян келтіруі мүмкін жағдайлар мен әрекеттерді ағай алғұға үйрету.</p>	<p>Жеке баламен жұмыс</p> <p>Берік Шахмур Айдынулы</p> <p>спорттық ойындар мен жаттығуларға белсенділік танығұға дағдыландыру</p>	<p>Жеке баламен жұмыс</p> <p>Қанат Назерке</p> <p>Бақытжанқызы</p> <p>Заттарды кеністікте орналастығұуды, көзгалыс бағыттарын үйрету</p>	<p>Жеке баламен жұмыс</p> <p>Қайратғұлы Ермұхаммед</p> <p>Керек мөтінді тыңдағұды, кейіпкерлерге жанашырлық танығұды үйрету</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»: «Сұр қоян». Ойын барысы: Ойыншылардың біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ болып тоғайға сұр кожек, Жуынып жатыр бүггендеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды. Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды: тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонакқа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқанда ойын аяқталады.</p>	<p>«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»: « Соқыр теке » . Ойын барысы: Соқыр теке кең бөлмеде, аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып, оның ортасына көзі байланған « соқыр теке » жіберіледі. Қалғандары оны « соқыр теке бақ-бақ » деп мазақтап түртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыр теке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып « соқыр тек » болады. Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап, шұңқырға, бағанаға қарай бағыттайды. Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді</p>	<p>«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»: « Аттамас » Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады. Біріншісі-томен, оны аттап оту керек, екіншісі-биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап оту керек. Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп, содан соң көзін байлап, бір айналдырып қоя беру керек. Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап, алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді</p>	<p>«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»: « Орамал тастау » . Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әнге айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқа оушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалған орынға келіп отырады.</p>	<p>«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»: « Ұшты-ұшты » Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты » .- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба-қарға, үйрек-бүйрек, кептер-кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Өнегелі 15 минут Егер Сіздің баланыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз</p>				

Өнегелісі: Ақсау